

қорғаудағы рөлін және халық сый- құрметін көрсетеді. Бұл ономастикалық қабат-аймақтың рухани-әлеуметтік тарихының айғағы. Үшіншіден, елді мекендер мен шаруашылық қоныстарының атауларынан өңірдің экономикалық-әлеуметтік өзгерістері де көрінеді. Кеңестік кезеңдегі жаңа қоныстардың, фермалардың, совхоздардың, теміржол станцияларының пайда болуы атаулардың бір бөлігінің өзгеруіне ықпал еткен. Жалпы алғанда, Шу ауданының ономастикалық жүйесі - тілдік құбылыс қана емес, аймақтың тарихын, мәдениетін, дүниетанымын және шаруашылық өмірін сақтап тұрған құнды деректер жиынтығы. Оны зерттеу мен сақтау ұлттық тарихи жадының ажырамас бөлігі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. “Қазақ Совет Энциклопедиясының” 8-томы.
2. Құламанова З.А. Жамбыл облысының топонимикалық анықтамалығы - Алматы: «Арыс» баспасы, 2014. - 808 бет.
3. О присвоении наименований и переименовании отдельных административно-территориальных единиц Республики Казахстан https://adilet.zan.kz/rus/docs/P920008000_
4. Қазақ ұлттық энциклопедиясы. Топонимика бөлімі. Алматы: Рауан, 2011.
5. Шу өңірі энциклопедиясы. Асаба баспасы, 2010.
6. Әбдірахманов, А. Т. «Топонимика және ономастика негіздері». - Алматы: Рауан, 1995.

САҚТАРДЫҢ ЖЫЛҚЫМЕН БІРГЕ ЖЕРЛЕНУІ: АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ДЕРЕКТЕР, ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ МӘДЕНИ-ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ МӘНІ

Сайранова З.О.

Ғылыми жетекші: Қарсыбаева Ж.А.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті

zarinasayranova7@gmail.com

Қарағанды қаласы

Еуразия көшпелілерінің б.з.д. I мыңжылдығындағы аңдық стилі бір негізгі ерекшелікпен айқындалады - жануар бейнелерінің басым болуы және оның формалық белгілерін анықтайтын көркемдік тәсілдердің тұтас жүйесі. Дәл осы белгілер ғылыми ортада көп талқы тудыратын мәселеге айналып отыр. [1, 6 б.].

Бұл мәселеге ерекше мән беріп, оны өз еңбектерінде жан-жақты қарастырған зерттеушілер қатарына Ростовцев М.И., Боровко Г.И., Смирнов К.Ф., Членова Н.Л., Шкурко А.И., Шер Я.А., Переводчикова Е.В., Королькова Е.Ф., Канторович А.Р., Полидович Ю.Б., Богданов Е.С. және басқа да ғалымдар жатады. [2, 116 б.]. Сақтардың жылқымен бірге жерленуі, аң стилімен тағыз байланысы - олардың дүниетанымы мен әлеуметтік құрылымын тереңірек түсінуге мүмкіндік беретін маңызды археологиялық құбылыс. Бұл дәстүр көшпелі өмір салтының, жауынгерлік мәдениеттің және жылқының сакралды мәртебесінің айқын көрінісі болғандықтан, оны зерттеу бүгінгі күнде де өзекті. Жерлеу рәсімдеріндегі жылқы бейнесі сақтардың мифологиялық түсініктерін, саяси иерархиясын және этнографиялық мұраның сабақтастығын айқындауға көмектеседі. Тақырыптың таңдалуы - археологиялық деректер арқылы сақ қоғамының рухани дүниесін, әлеуметтік рөлдерді және мәдени-идеологиялық жүйені жаңаша талдауға мүмкіндік беретінімен түсіндіріледі. Сонымен қатар, жылқымен бірге жерлеу феноменін зерттеу қазіргі түркі халықтарының дәстүрлік кодтарымен байланысын анықтауға да жол ашады.

Ежелгі қоғамдардың өмір мен өлім туралы түсініктері жерлеу рәсімдерінде айқын көрініс табады. Мәйіттің ұйықтап жатқан не эмбрион қалпында жерленуі - марқұмның оянуын немесе қайта дүниеге келуін меңзейтін символдық мәнге ие. Дененің бағытталуы да маңызды рөл атқарады, өйткені ол марқұмның «о дүниеге» баратын жолын айқындайтын бағдар ретінде қарастырылған. Жерлеу рәсімі нақты белгіленген әрекеттер мен арнайы заттар кешенінен құралды. Әрбір элемент-дененің орналасуы, қолданылған әшекейлердің сипаты, қару-жарақтың қойылуы, тұрмыстық заттар мен ыдыстардың түрі - марқұмның мәртебесі мен қоғамдағы орнын көрсететін маңызды көрсеткіш болып саналды.

Археологиялық жерлеу ерекшеліктеріне келетін болсақ, қорғандар скиф дәуіріндегі көшпелі мәдениеттердің өмірін реконструкциялау үшін ең маңызды археологиялық дереккөздердің бірі болып табылады және олардың материалдық мәдениеті мен жерлеу рәсімдері негізінде әлем жөніндегі түсініктерін көз алдымызға елестетуге мүмкіндік береді. Қорғандардың құрылысы мен құрылымы

олардың орналасуына байланысты әртүрлі болады. Скиф дәуірінің текті жауынгерлеріне арналған қорғандар көбіне алып көлемге жеткен. Мысалы: Чертомлык - Солтүстік Қаратеңіз аймағындағы ең үлкен қорған; оның биіктігі шамамен 20 м, ал диаметрі - шамамен 100 м. Қорғанның астында төрт камерасы бар терең шұңқыр орналасқан, олардың біреуі кең залмен байланысқан, бұл зал патшаның қабірі ретінде қызмет еткен. Үш көрші шұңқырда он бір жылқы жерленген, олардың екеуі ат күтушімен бірге жерленген [3, 265 б.].

Кең көлемді тонауға қарамастан, скиф патшаларының қазыналары аңызға айналды. Жасырын сақтау орындарының қолданылуының арқасында бұл қазыналардың бір бөлігі сақталып қалды.

Жылқыларсыз скиф әлемі бүгінгі біз білетіндей болмас еді. Адамдар мен жылқылар бірге өмір сүріп, жұмыс істеп, соғысып, тіпті бірге жерленді. Еуразия даласында скифтердің жоғары белсенділігімен сипатталатын өмір салты негізінен жылқыларға негізделген. Берел, Елеке Сазы, Шілікті және Павлодар жерлеу кешендерінің мекені болған Алтай аймағынан шыққан жылқылар бүгінгі стандарттар бойынша орташа немесе үлкен болды. Берел қорғандарынан табылған қазіргі заманғы жылқылардың орташа бойы 136-144 см. Берел мен Пазырықта сақталған тері және органикалық материалдар жылқылардың әдеттегі жүн түсінің күрең немесе қара жалы мен құйрығы бар қоңыр/күрең болғанын, ақ белгілерсіз екенін көрсетеді [4,1196.].


Сақ-скиф жылқылары туралы деректерді, басқа да аспектілерді негізінен үлкен дөңгелек қорғандар түріндегі жерлеулерді зерттеу арқылы аламыз. Қорғандар Еуразия даласында кездеседі, бірақ ең көрнекті археологиялық деректер Шығыс Қазақстан мен Алтай аймағының «мұзды» қорғандарынан алынған, олар алғаш рет 1947-1949 жылдары Сергей Руденконың Пазырықтағы қазба жұмыстарымен танымал болды. Обралардың өлшемдері әртүрлі, Берел қорғандарының ішіндегі ең үлкені, №11 қорғанның диаметрі 33 метр. Әрбір жерлеу қорғанының көлемі мен күрделілігі шамамен әлеуметтік мәртебеге сәйкес келеді деп есептеледі, дегенмен олардың барлығы жоғары тап өкілдеріне тиесілі болған, басқаша айтқанда, қорғандар «элита» тұлғаларына тиесілі болған. Сақ жерлеу қорғандарының типтік құрылымы мен элементтері осы томның 2-тарауында сипатталған [4,120 б.].

Ең қызығы-жылқылар мен адамдардың жиі бірге жерленуі. Бұл жылқылардың маңыздылығы мен оларға көрсетілген құрметтің ең күшті дәлелі болуы мүмкін. Әдетте, қорғанның «жылқы бөлімі» адам сүйектері сақталған ағаш камераның солтүстігінде орналасқан (1-сурет). Берел мысалынан білетініміздей, жылқы секторында төрттен он жетіге дейін жылқы болуы мүмкін (2-сурет). Адам иелері сияқты, көптеген жылқылар соңғы сапарға мұқият дайындалып, безендірілген. Біз мұны адам сүйектерінен де жақсы білеміз, себебі жерлеу камераларынан айырмашылығы, жылқы бөліктері әдетте бұзылмаған және тоналмаған. Мәңгілік мұз әлемнің кез келген жеріне қарағанда бөлшектерді әлдеқайда жақсы сақтайды, бұл олжаларды шынымен ерекше етеді. Мысал ретінде, біз Зайнолла Самашев пен оның әріптестері қазған Берелдегі №2 қорғанды мұқият зерттей аламыз. Ондағы ер адамның қабірін қарақшылар бұзған, бірақ артефактілер онда ересек жастағы әйел жерленгенін көрсетеді. Бұл маңызды, себебі ол әйелдердің жерлеу рәсімдеріне жылқылардың да қатыса алатынын дәлелдейді. Сақталған заттар жоғары мәртебелі адамға тиесілі және көптеген алтын заттар, керамикалық ыдыс және қола айнаны қамтиды. «Жылқы бөлімі» негізгі жерлеу камерасының сыртында орналасқан, онда жеті жылқының керемет киімдеріндегі сүйектері табылған. Барлығы мұқият тураланған, бастары шығысқа қаратылған, ішінара матамен жабылған, киізден жасалған болуы мүмкін. Олар ең жақсы киімдерімен жерленген. Жылқылардың денелерінде әлі де көптеген алтын тақтайшалар мен арматуралар бар, ал аузында металл кесектері әлі де болған [4,121 б.].

Сақтардың жылқымен бірге жерлену дәстүріне қатысты археологиялық деректер бұл ғұрыптың қоғамдағы ерекше мәнін айқын көрсетеді. Берел, Пазырық сияқты обаларда анықталған жылқы бөліктерінің көп жағдайда бұзылмай сақталуы сақтардың жерлеу рәсімдерінің күрделілігін, жылқыға деген құрметін және оның әлеуметтік-ритуалдық орнын нақты дәлелдейді. Жылқылардың арнайы киізбен жабылып, әшекейленіп, әбзелдерінің толық күйінде жерленуі олардың тек көлік немесе әскери күш ретінде ғана емес, иесінің арғы дүниедегі сапарына қажетті серік, мәртебе белгісі және рухани қорғаушы ретінде қабылданғанын көрсетеді. Жылқы санының төртеу мен он жетінің арасындағы өзгеруі де жерленген адамның қоғамдағы деңгейін айғақтауы мүмкін. Берел №2 қорғанындағы әйел адам мен оған қатысты жеті жылқының бірге жерленуі бұл дәстүрдің тек ерлерге ғана тән емес екенін дәлелдейді. Бұл жағдай сақ қоғамындағы гендерлік мәртебелердің күрделілігін, әйелдердің де жоғарғы әлеуметтік дәрежеге ие болғанын көрсетеді. Жылқылардың бастары шығысқа қаратылып, бір бағытта тізілуі сақтардың арғы дүниеге байланысты астральды-космологиялық түсініктерін аңғартады. Сонымен бірге, жылқы әбзелдеріндегі алтын, киіз, ағаш және металл элементтердің үйлесімі сақтардың материалдық мәдениетінің жоғары деңгейін көрсетеді.




1-сурет. Берел қорғаны 2, б.з.б IV-III ғасырлар



2-сурет. Берел қорғаны 2, жылқылардың орналасу схемасы

Қорғандарда тек қана жылқы ғана емес, сонымен бірге ат әбзелдері бірге жерленген. Олардың жабдығының функционалды элементтері темір ұшы мен екі сақинасы бар жүгеннен (3-сурет) және үзеңгі терісі бар ер-тоқымнан, белбеуден және оны орнында ұстап тұратын төсбелгіден тұрды. Берел жылқыларының көпшілігі ең жақсы киімдерімен жерленген. Ер-тоқым, белдік, төсбелгі, әшекейлер, темір, сүйек, мүйіз және алтын бұйымдар кейбір жылқыларда кездеседі. Бұл бұйымдар көбінесе шеберліктегі функционалды элементтерден әлдеқайда асып түседі. Жылқы жабдығының әрбір бөлігі дерлік сақ халқының көркемдік дәстүрлері мен эстетикасына сәйкес, әдетте геометриялық өрнектермен, жануарлармен және алтын фигуралармен безендірілген. Тіпті кейбір Берел жерлеу қорғандарында тұтас жиынтықтар толығымен алтынмен қапталған. Дегенмен, кейде тек ағаш және былғары бұйымдар ғана сақталған. Бұл сәндік элементтердің көпшілігі шабандоз бен жылқы арасындағы байланыс құралы ғана емес, сонымен қатар жылқының да, жерленген адамның да жеке басының бөлігі ретінде қызмет етті.



3-сурет. Қола бұйымдары, Шығыс Қазақстан. Ерте Темір дәуірі.

Сақтардың жылқымен бірге жерлену дәстүрі - олардың рухани дүниетанымын, әлеуметтік иерархиясын және материалдық мәдениетін терең ашатын ерекше археологиялық феномен. Обалардағы деректер жылқының көшпелі өмірдің тек шаруашылық элементі емес, иесінің мәртебесін көрсететін ритуалдық, символдық және идеологиялық мағынасы бар қасиетті серік болғанын дәлелдейді. Жылқылардың арнайы дайындалып, әшекейленіп, шығысқа қаратылып жерленуі сақтардың арғы дүниеге сапар, рухтың қорғалуы және табиғат күштерімен байланыс жөніндегі мифологиялық түсініктерін айқындайды. Сонымен қатар, жылқы саны мен оның әбзелдерінің сапасы жерленген адамның әлеуметтік деңгейін көрсетіп, жоғары мәртебелі топтың қоғамдағы орнын анықтауға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, жылқымен жерлену феномені сақтардың этномәдени болмысын, дүниетанымдық жүйесін және әлеуметтік құрылымын түсінуде негізгі кілттердің бірі болып табылады. Ол Еуразия даласындағы көшпелілер өркениетінің өзіндік ерекшелігін айқындап, кейінгі түркі халықтарының мәдениетімен сабақтасқан маңызды тарихи мұра ретінде бағаланады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Е.Ф. Королькова. Звериный стиль Евразии. Искусство племён Нижнего Поволжья и Южного Приуралья в скифскую эпоху (VII-IV вв. до н.э.). Проблемы стиля и этнокультурной принадлежности. СПб.: «Петербургское Востоковедение». 2006-272 с.
2. А.В.Круглова. Скифский звериный стиль: принципы связи изобразительных и декоробразующих схем
3. St John Simpson and Svetlana Pankova. Scythians warriors of ancient Siberia. The Trustees of the British Museum, courtesy of the British Museum's Department of Photography and Imaging. p. 364
4. Rebecca Roberts. Gold of the Great steppe. 2022. p.170.

БОЛҒАН АНА КЕСЕНЕСІ: АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ

Абдуллаева Б.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Адильбаев А.М.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық зерттеу университеті
abullaevaabanu@gmail.com

Қарағанды қ.

Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен «Тарихи-мәдени мұраны сақтау орталығы» Алтын Орда мемлекетінің 750 жылдығы қарсаңында Ұлытау ауданының аумағында орналасқан Алтын Орда дәуірінің тарихына қатысты ескерткіштерге 2018 жылы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді. Зерттеу барысында Ұлытау өңіріндегі Аяққамыр, Болған ана ескерткіштерінде археологиялық зерттеу жұмыстары және Алаша хан, Жошы хан кесенелерінде қосымша сараптамалық талдаулар жүргізілді.

Зерттеу жұмыстарының негізгі бөлігі Болған ана кесенесінде шоғырланды.

Болған ана кесенесі ортағасырлық сәулет өнері ескерткіші. Жезқазған қаласынан 50 шақырым оңтүстік-батысқа қарай, Сарысу мен Қаракеңгір өзендерінің құйылысында, Қаражар шатқалында орналасқан. ХҮІІІ-ХІХ ғасырлардағы саяхатшылардың жазбаларына дейінгі ауызша тарихнамада Болған ана кесенесі туралы мәліметтер бір-біріне қарама-қайшы мағынада болды. Кейінірек жазба деректер де Қаракеңгір өзенінің сағасынан сәл жоғары жердегі ескерткіш туралы Н. Рычков, А. Левшин, Ш. Уәлиханов және тағы да басқа зерттеушілердің мәліметтері пайда болды. Академик В.В. Бартольд Болған ана (Болған бегім) Жошы ханның қызы болған деген пікір айтқан. Шоқан Уәлиханов бұл кесене туралы «Қаражардағы Қаракеңгірдің саласындағы Болған ананың моласы ақ түсті, күмбезі шағын ғимарат және басқалары да осылай салынған», - деген мәлімет береді [1, 169 б].

1946-1948 жылдар аралығында Ә. Марғұлан зерттеген. Кесене атына байланысты әртүрлі болжамдар айтылады. Бір деректерде онда Жошы ханның Сырдария мен Талас өзендері арасын жайлаған қаңлы тайпасының билеушісіне ұзатылған қызы Болғанның жерленгені айтылса, тағы бір аңыздарда Болған ананы Алаша ханның келіні деп те айтады. 1990 ж. Алматы архитектура және құрылыс институтының экспедициясы (жетекш. Е. Бәйтенев) зерттеген. Көрнекі жерге салынған Болған ана күмбезі алғашқы нұсқаларында өте әдемі болғанға ұқсайды. Ол осы өңірдегі кейінірек салынған кесенелер архитектурасына (Ақтыбай, Қауқабай, т.б.) да әсерін тигізген [2, 9-10 б].